

Жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдары және колледждердің педагогтері, сондай-ақ білім алушылары арасында «Жазғы қиял» республикалық шығармашылық сайттар байқауын өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдары және колледждердің педагогтері, сондай-ақ білім алушылары арасында «Жазғы қиял» республикалық шығармашылық сайттар байқауын өткізу ережелері (бұдан әрі - Байқау) байқауды өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

Мақсат: қатысушылардың мультимедиалық шығармашылық қабілеттерін және өзін-өзі іске асыру деңгейін анықтау.

Міндет: қатысушылардың мультимедиалық шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал жасау.

2. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

3. Байқауды ұйымдастырушылар ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

4. Байқау **2015 жылғы 20 шілде - 28 қыркүйек аралығында** балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтта сырттай өткізіледі.

5. Байқау жұмыстары ережеге сәйкес **2015 жылғы 20 қыркүйекке дейін** iao.konkurs@mail.ru электрондық поштаға қабылданады.

Анықтама телефондары: 8 (7172) 249 312 , 87718307957 Кенжебек Хұрметұлы.

6. **2015 жылғы 20 қыркүйектен** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

7. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастырушылар жауапты емес.

8. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында, ғаламтор баспаларында жариялауға құқылы.

9. **Байқауға қатысу үшін педагогтер 2000 (екі мың) теңге, білім алушылар 1000 (мың теңге) төлемақы төлейді.**

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Астана қаласы, БанкЦентрКредит АҚ.

Иик KZ918560000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16

КНП: 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлемақы мақсаты: «Жазғы қиял» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы) сканерден өткізіп, **iao.konkurs@mail.ru** электрондық пошта арқылы жіберу қажет.

10. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын анықтау **2015 жылғы 28 қыркүйек** жүргізіледі.

3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар

11. Байқауға:

I топ – 15-17 жастағы білім алушылар;

II топ – барлық санаттардағы педагогтер қатыса алады.

12. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- ✓ Жеке сайт/білім алушы блогі;
- ✓ Педагогтердің әдістемелік бірлестігінің сайты;
- ✓ Мектеп сайты;
- ✓ Қосымша білім беру ұйымдарының сайты.

13. Байқау жұмыстары келесі талаптарға сәйкес қабылданады:

- ✓ Сайтты жазғы стильде безендіру;
- ✓ Сайт туралы қысқаша мәлімет.

14. Бөгде адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады. Байқауға ұсынылған жұмыста қатыгездік және зорлық-зомбылық көріністерінің суреттері, адамның немесе бір топ адамдардың кез келген түрде қадір-қасиетін кемсітетін ақпарат болмауы қажет.

15. Байқау жұмысы титул парағында көрсетіледі:

- ✓ сайт сілтемесі;
- ✓ облыс, аудан (қала), ауыл;
- ✓ білім беру ұйымының атауы;
- ✓ байқау мен номинацияның атауы;
- ✓ аты-жөні, автордың жасы;
- ✓ оқу орны, сынып, электрондық пошта, жетекшінің аты-жөні;
- ✓ педагогтің аты-жөні;
- ✓ педагогтің лауазымы, жұмыс орны.

16. Қатысушы балаларға арналған ғылыми-танымдық www.ziyatker.org сайтында, «Галерея.Мұражай.Көрме», «Ұстаз-Шәкірт» қауымдастығының («ВКонтакте» әлеуметтік желісі арқылы) мүшесі болуы тиіс.

17. Байқауды бағалау критерийлері:

- ✓ байқаудың тақырыбына, мақсат міндеттеріне сәйкес болуы;
- ✓ қолжетімділігі;
- ✓ ақпараттық мазмұны;
- ✓ композициялық және түрлі-түсті келістіру;
- ✓ креативтілігі.

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

18. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

19. Байқауда жүлделі орындарға ие болған жеңімпаздар тиісті дәрежедегі дипломдармен марапатталады.

20. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың және қатысушыларға сертификаттардың электрондық нұсқасы <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> сайтында автоматты жүктеу сілтемесі арқылы орналастырылады.